

Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыруға бағытталған ғылыми-инновациялық қызметті институционалдық қамтамасыз етуді дамыту жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 тамыздағы N 775 қаулысы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жарғылық капиталында даму институттары жүйесінің қалыптасуына негізделген мемлекеттің 100 пайыздық қатысуымен мынадай акционерлік қоғамдар (бұдан әрі - Қ о ғ а м д а р) қ ұ р ы л с ы н :

- 1) "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" (бұдан әрі - Орталық);
- 2) "Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы" (бұдан әрі - И н ж и н и р и н г о р т а л ы ғ ы) .

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.15. N 1201 қаулысымен .

2. Орталықтың негізгі міндеттері мыналар:

әлемдік экономикада олардың дамуының негізгі үрдістерін анықтау және Қазақстанның бәсекелестік артықшылықтарын табу мақсатында отандық және халықаралық рыноктарды, экономиканың салалары мен секторларын, әртүрлі ө н д і р і с т е р д і т а л д а у ;

инвестициялық жобаларды олардың перспективалы бәсекелестік қабілеті, жүзеге асырылу және пайдалылық мәніне талдау жүргізу;

Қазақстан Республикасындағы іскерлік ахуалын және экономикалық конъюнктураны талдау болып белгіленсін.

3. Инжиниринг орталығының негізгі міндеттері мыналар:

инжинирингтік қызметтер көрсету;

озық шетелдік технологиялар, өзге де инновациялық өнімдер трансферті және оларды Қазақстан Республикасында енгізу;

технологиялар трансферті кезінде консультациялық, ақпараттық, заңдық және өзге де қ ы з м е т т е р к ө р с е т у ;

технологиялардың сыртқы және ішкі рыноктарының маркетингі және осы саладағы дамудың әлемдік үрдістерін талдау болып белгіленсін.

4. 2003 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен:

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне Орталықтың жарғылық капиталын қалыптастыруға 100000000 (жүз миллион) теңге;

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне Инжиниринг орталығының жарғылық капиталын қалыптастыруға 100000000 (жүз миллион) теңге;

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне бастамашылық және тәуекелді ғылыми зерттеулер гранттары түрінде мақсатты қаржыландыру үшін Ғылым қорына белгіленген тәртіппен оларды аудару үшін 100000000 (жүз миллион) теңге бөлінсін.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау, Индустрия және сауда министрліктерімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен тиісінше мыналарды:

1) құрылатын Қоғамдардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруды;

2) Қазақстан Республикасының әділет органдарында Қоғамды мемлекеттік тіркеуді;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мыналардың акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын:

1) Орталықтың - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне;
2)) < * >

Ескерту. 6-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.07.19. N 742 қаулысымен.

7. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамының құрамында ғылыми коммерцияландыру және инновациялық даму бөлімшесін құру жөніндегі шараларды қабылдасын.

8. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бір апта мерзімде гранттық негізде ғылыми зерттеулерді қаржыландыру тетігін жетілдіру мақсатында "Ғылым қорының кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 қыркүйектегі N 1048 қаулысымен бекітілген Ғылым қоры туралы ережеге тиісті өзгерістер мен толықтыруларды әзірлесін.

9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен

мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

көрсетілген қаулымен бекітілген Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде :

"Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне " деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 268-2-жолмен толықтырылсын:

"268-2

"Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы АҚ";

"Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 237-14-жолмен толықтырылсын:

"237-14

"Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы АҚ";

2) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері коммуналдық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде :

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-51-жолмен толықтырылсын :

"21-51 "Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы" АҚ";

"Алматы қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-86-жолмен толықтырылсын :

"123-86 "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" АҚ".

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы қаулының 4-тармағына сәйкес бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

11. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі